

Нарыққа өту жағдайында денсаулық сақтауды жетілдірудің шұғыл шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 тамыз 1992 ж. N 657. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Өтпелі кезеңде халықты және емдеу-профилактика мекемелерін дәрі-дәрмекпен, медициналық техника бұйымдарымен қамтамасыз етуде елеулі қиыншылық пайда болып, денсаулық сақтау объектілерін салу көлемі күрт қысқарды, нақты қаржыландыру төмендеп кетті.

Өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайда мемлекеттік өкімет пен басқару органдары саланың жұмысын қайта бағдарлауға уақтылы шаралар қолданбады.

Экологиялық жағдай ушығып, халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп барады.

Демографиялық процестердің және халықтың денсаулық көрсеткіштерінің нашарлауы байқалуда: жалпы өлім көбейіп, бала туу азайды, өмір сүрудің орташа ұзақтығы төмендеді, сәбилер өлімінің көрсеткіші жоғары күйінде қалып, ересектер мен балалардың ауруға шалдығуы ұлғайды. Осылардың салдарынан жыл сайынғы экономикалық ысырап бірнеше миллиард сомға жетіп отыр.

Жергілікті әкімдер, министрліктер мен ведомстволар "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын қорғау туралы" Заңды жүзеге асыруға әлі де тиісті шаралар қолданбады.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үстіміздегі жылғы 1 қазанға дейін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау реформасының тұжырымдамасын ескере отырып денсаулық сақтау реформасының бағдарламасын әзірлеп, онда бюджеттік-сақтандыру, жалгерлік, жеке медицинаның жаңа үлгісіне көшу, саланы басқаруды орталықсыздандыру, әйелдер мен балаларға, оның ішінде ауытқушылық дамуының бастапқы диагностикасы жөнінде, туберкулез, бруцеллез ауруларымен ауыратындарға, республиканың экологиясы қолайсыз аймақтарының халқына медициналық жәрдем көрсетілуін ұйымдастыру, санаторий-курорт ісін жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесінде медицина, педагог және ғылыми кадрлар даярлау жөнінде бірінші кезектегі шараларды анықтайтын б о л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, Қаржы министрлігі,

Материалдық ресурстар министрлігі, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жылдық жоспар мен бюджет жобасын, орташа мерзімдік және перспективті болжамдарды әзірлеген кезде денсаулық сақтау проблемалары жөніндегі мақсатты бағдарламалар республиканың мемлекеттік тапсырысына енгізілуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы үстіміздегі жылдың екінші жартысына Қазақстан Республикасының Инвестиция қоры қаржысын бөлу кезінде республикалық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдарға оқу-лаборатория корпустарын, тұрғын үйлер және студенттер жатақханасын салуға арнап Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне қажетті қаражат б ө л і н у і н к ө з д е с і н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі медицина жабдықтарын, санитарлық автокөлік сатып алуға, ТМД-елдерінде кадрлар даярлауға және ауруларды емдеуге үстіміздегі жылдың екінші жартысында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне 635 млн. сом қосымша қаржы бөлу туралы мәселе қарастырсын.

5. Республикалық валюта комитеті Ресейдің "Фарминдустрия" корпорациясының шығынын валютамен жабуды, сондай-ақ өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектер мен медицина техникасының бұйымдарын сатып алуға қажетті валюталық қаржы бөлуді көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі 1993 жылдан бастап денсаулық сақтауды бір тұрғынға арналған нормативке сүйеніп қаржыландыруды жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, Қаржы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін дәрі-дәрмектік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық түрінің бөлшек сауда бағасын босату жөнінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізіп, халықтың дәрі-дәрмек жеңілдік жолмен босатылатын категориялары мен аурулар тізбесін анықтайтын болсын.

8. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері: үстіміздегі жылдың аяғына дейін тиімсіз пайдаланылатын төсек қорларын санитарлық нормаға дейін қысқартып, босаған қаржыны осы мекемелердің мұқтажына жұмсайтын болсын;

1993-1995 жылдары барлық облыстарда пансионаттары және медицина-генетика консультациялары бар диагностика орталықтарын құрсын; денсаулық сақтауды қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін қалыптастыру - кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері мен олардың

отбасы мүшелеріне шаруашылық есеп негізінде нормативтен тыс медициналық жәрдем, ақылы медициналық қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметтің заңға қайшы келмейтін басқа да түрлерінің көлемін ұлғайту жөнінде шарт жасасуға шаралар қолдансын;

сақтандыру медицинасын кезең-кезеңімен енгізуге әзірлік жұмысын жүргізсін;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту, адамдардың жаппай ауруға шалдығуын болдырмау жөнінде қосымша шаралар қолдансын; салауатты өмір сүріп жүрген адамдарды материалдық тұрғыда көтермелеп, шаруашылық есеп негізінде денсаулық сақтау орталықтарын құратын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Меммүліккомымен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының денсаулық сақтау мекемелерін жекешелендіруге қатысты бөлігіне өзгерістер енгізу туралы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс енгізсін.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жеке медициналық практика туралы ережені әзірлейтін болсын.

11. Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп 1992/93 оқу жылынан бастап медицина институтына қабылдауды қысқартып, жоғары оқу орындарында, дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында, аспирантурада және докторантурада оқушылардың белгілі бір категориясына жеңілдік бере отырып ақылы оқыту жүйесін кеңейтуді жүзеге асырсын.

< * >

ЕСКЕРТУ. 11-тармағының 2 абзацының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.28. N 1469 қаулысымен. P991469_

12. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, "Қазфармбиоөндіріс" концерні белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне:

< * >

дәрі-дәрмек және биопрепараттар, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар өндіретін кәсіпорындарға "Медтехника" республикалық өндіріс-техникалық бірлестігі мен "Фармация" өндіріс бірлестігіне жеңілдікті кредит беру туралы ұсыныстар енгізсін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.02.

№ 1069 қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмектік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасын бақылау және стандарттау жөніндегі тиісті құрылымдық бөлімшелер ұйымдастыру туралы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

14. Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен, Қаржы министрлігімен бірлесіп үстіміздегі жылғы 1 қазанға дейін халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық категорияларына арналып енгізілген бірыңғай тарифтік кесте негізінде денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің сараланған жүйесі туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

15. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі медициналық сақтандыру компанияларымен бірлесіп Қазақстан Республикасында тұрақты немесе уақытша тұратын шет ел мамандарын медициналық сақтандыру мәселесін қарастырсын.

16. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері мемлекеттік комитеттер, министрліктер мен ведомстволар "Қазақстан Республикасының халықтың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 10 қаңтардағы № 1108-ХІІ қаулысын және осы қаулыны жүзеге асырудың барысы туралы жыл сайын 1 желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне хабарлап тұратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі